

**«Политехникалық колледж» КМҚК студенттерге арналған ішкі
тәртіп
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Студенттердің ішкі тәртіп ережесі – колледждегі білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін, олардың жауапкершілігін, колледж әкімшілігімен, педагогтермен және басқа да қызметкерлермен өзара қарым-қатынас тәртібін, сондай-ақ оқу орнындағы мінез-құлық нормаларын реттейтін ішкі нормативтік құжат.

1.2. Студент – колледжде техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе ақылы негізде білім алатын, оқу-тәрбие процесіне қатысушы тұлға.

1.3. Осы Ереженің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы, колледж Жарғысы және білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

1. Студенттердің құқықтары.

- оқуға қабылданған білім мекемесінің нормативтік құжаттарына сәйкес білім қызметін алуға;
- таңдаған мамандығының оқу пәндері бойынша консультациялық көмек алуға;
- оқу бағдарламасы мен кестесіне сәйкес оқу сабақтарына қатысуға;
- белгіленген тәртіп бойынша колледжінің оқу-материалдық базасымен, кітапхана қорымен, әдістемелік нұсқаулармен бағдарламаларын пайдалануға;
- оқу сабағында және сабақтан тыс уақытта ғылыми, спорттық, шығармашылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға;
- кәсіптік білім бағдарламасы бойынша оқу үдерісіне байланысты анықтамалық ақпараттар сұрауға және алуға;
- Колледжінің оқу бөлімінен және басқа құрылымдарынан анықтама алуға;
- оқу-тәрбие үдерісі бойынша кез келген сұрақтарымен Колледж әкімшілігіне хабарласуға.

2. Студенттердің міндеттері:

Студент міндетті:

- Білім алушы «Политехникалық колледж» КМҚК-нің студенттерге арналған Ішкі тәртіп ережелерімен танысуға және олардың талаптарын бұлжытпай орындауға міндетті. Қазақстан Республикасы азаматының рухани дамуы туралы үкіметтің басты құжаттарын білуге, қоғамда толеранттылық пен өзара түсіністік идеясын сақтауға, және қоғамда экстремизм мен қақтығыс туғызатын басқа идеяларға, өзге де ағымдарға жол бермеуге, оларға қолдау көрсетпеуге;
- Колледжінің компьютерлері мен басқа да құрылғыларын, ғаламтор желісін пайдалану ережелерін сақтауға және ақпараттық қауіпсіздігін сақтауға;
- Мамандықтар бойынша (оқу жоспары, оқу бағдарламасы, пән жоспары, сабақ кестесі, білімді бақылау) оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың нормативтік құжаттарына сәйкес Колледжінің оқытушылары мен кәсіптік білім беру бағдарламаларының талаптарын орындауға;
- Таңдаған мамандығы бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелі және тереңірек меңгеруге;
- Сабақтарға қатысуға, оқу жоспары мен білім бағдарламасында, сондай-ақ аралық бақылау жұмыстарында қарастырылған тапсырмаларды мерзіміне сай орындауға;
- Академиялық сабақтарды ауырып қалу немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты жіберген жағдайда тиісті ресми растайтын құжатты оқу бөліміне уақытында тапсыруға;
- Колледжінің оқу мәселелері мен студенттердің қоғамдық өмірі бойынша ұйымдастырылған шараларына қатысуға;
- Оқу-тәрбие үдерісінің өзекті мәселелері бойынша студенттердің пікірлерін зерттеу сауалнамаларына және басқа да шараларға қатысуға;
- ішкі және сыртқы есеп беруге дайындық шараларына қатысуға;
- Колледжінің материалдық меншігіне (мүлкіне, құрал-жабдықтарына, оқу құралдарына, аспаптарға, спорттық құралдарға, кітаптарға және т.б.) ұқыптылықпен қарауға;
- Колледж ішінде этикалық нормалар мен толеранттық режимді сақтауға;
- Тәртіпті болуға, классикалық киім үлгісін сақтауға, әкімшілік құрамына, оқытушылар құрамына, шаруашылық қызметкерлерге қатысты этикалық нормаларды білуге;
- Колледж ғимаратына кіргенде бас киімін шешуге, күзгі-қысқы мерзімде сырт киімдерін киімін тапсыру, аудиторияда оқытушымен орнынан тұрып сәлемдесуге;
- Колледжінің барлық кабинеттерінде тазалықты сақтауға, оқу аудиторияларында пакеттерді, пластикалық ыдыстарды, қоқыстарды тастамауға, жалпы гигиеналық орындарда тазалық ережесін сақтауға, сенбіліктерге және басқа санитарлық шараларға қатысуға;
- Колледж ғимаратына студенттік билетпен кіруге жүзеге асырылады. Студенттік билеті жоқ болған кезде білім алушы Колледжіге кіруге

арнайы журналға тегі мен атын кезекші оқытушы енгізгеннен кейін және күзетшілердің рұқсатымен жіберіледі.

Студенттерге тыйым салынады:

- «Политехникалық колледж» КМҚК білім алушыларға арналған ішкі тәртіп Ережелерімен ішкі еңбек тәртіп Ережелерін бұзуға;
- Басқа идеологияны насихаттауға, діни экстремизм әдебиеттерін таратуға, кез келген діни бағыттағы киім киюге (орамал, хиджаб, никаб және т.б.), көпшілік алдында кез келген діни әдет-ғұрыптарын орындауға;
- Колледж территориясында және ғимаратында қызметкерлермен, студенттермен адми және ұлттық намысына тиетін сөздер айтуға, дауыс көтеріп сөйлесуге, нормативті емес лексиканы қолдануға болмайды. Бұл Ереже Колледжінің ақпараттық ресурстарын пайдаланып сөйлесуде, сондайақ қызметтік хат жазуда және жазбаша хабарламалардың басқа да түрлерін пайдалану кезінде қолданылады.
- Өзара қарым қатынас мәселелерін шешуде немесе қоқан-лоқы жасауға физикалық күштерді пайдалануға;
- Тәртіп бұзуды көздеп өртке дабыл қағу құралдарын басып, өртке қарсы қызмет пультіне жалған шақыру жасап, видеобақылау құралдарын істен шығаруға, телефондар мен сымсыз байланысты бұзуға, Колледжінің оқу-материалдық базасына нұқсан келтіруге;
- Оқу сабағы кезінде мобилді байланыс құралдарын қолдануға;
- Колледж ғимаратында құрылғылардың, жиһаздардың орындарын ауыстыруға;
- Колледж ғимаратынан мүліктерді, құрал-жабдықтарын және басқа да материалдық құндылықтарын алып кетуге;
- Колледж ішінде сырт киіммен (пальто, жейде және т.б.), бас киіммен (орамал, құлақшын және т.б.), орынсыз, таза емес киімдермен жүруге;
- Колледж ғимаратында және аумағында алкогольді ішімдіктер (сыра, энергетикалық сусындарды қоса) ішуге, есірткі, улы және темекі өнімдерін пайдалануға;
- Колледжіге қоршаған адамдардың өліміне және жарақаттануын туғызатын, жарылыстар мен жануға себеп болатынатыс қаруын, газ пистолеттері мен баллондарын, өткір және кез келген басқа да элементтер мен заттарды әкелуге, беруге және пайдалануға;
- Колледж ғимаратында және аумағында алкоголь немесе есірткі әсері күйінде болуға;
- Колледж ғимаратына тиісті құрылымды бөлімшелердің рұқсатынсыз бөгде адамдарды кіргізуге;
- Колледж ғимаратында демалыс және мерекелік күндері болуға;
- Қоршаған ортаға, жеке өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын кез келген әрекеттер жасауға.

3. Оқу тәртібі

- Колледждегі оқу сабақтары белгіленген тәртіппен бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кесте бойынша өткізіледі.
- Оқу кестесі семестрге, екі ауысымда жасалады, сабаққа кешігуге жол берілмейді.
- Барлық топтар үшін бес күндік оқу аптасы белгіленеді.
- Кураторлық сағаттарды өткізу сейсенбі күндері оқу ауысымының басында жүзеге асырылады.
- Колледждегі жалпы тәртіпті колледждің кезекшілік кестесіне сәйкес кезекші оқытушы және кезекші топ қолдайды.
- Топтық жиналыстарды өткізу, сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларды, қосымша сабақтарды дайындау және өткізу, үйірме жұмысы сабақтан бос уақытта ұйымдастырылады.
- Сабақтар кезінде барлық оқу және оларға іргелес үй-жайларда оқу сабақтарының қалыпты жүруі үшін қажетті тыныштық пен тәртіп қамтамасыз етілуге тиіс. Оқу сабақтарын үзуге, оларды өткізу кезінде аудиторияларға кіруге және одан шығуға тыйым салынады.

4. Ішкі тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік:

Білім алушыларға арналған ішкі тәртіп Ережелерімен ішкі еңбек тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін төмендегі тәртіптік жазалардың бірі қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс жариялау;
- қатаң сөгіс жариялау;
- колледжден шығару.

Қазақстан Республикасының әкімшілік және қылмыстық заңнамасында көрсетілген заңға қарсы әрекеттер жасаған жағдайда колледж әкімшілік құқық қорғау органдарына шағымдануға құқылы.

Колледж Жарғысының талаптары мен осы Ережені әдейі бұзған әрекетінің нәтижесінде материалдық залал болса, онда кінәлілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық жауапкершілікке тартылады.

5. Үздік жетістіктер көрсеткен студенттерді марапаттау

Оқудағы ерекше жетістіктері, колледждің қоғамдық өміріне, оқу-зерттеу шығармашылығына, дене шынықтыру-бұқаралық жұмысына белсенді қатысқаны үшін студенттер үшін мынадай көтермелеу шаралары белгіленеді:

- алғыс жариялау
- грамоталармен марапаттау;
- фотосуретті Құрмет тақтасына орналастыру
- материалдық сипаттағы көтермелеу